

**«ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ МЕН ҚУАТЫ РЫНОГЫНЫҢ  
ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОПЕРАТОРЫ» АҚ  
АО «КАЗАХСТАНСКИЙ ОПЕРАТОР РЫНКА  
ЭЛЕКТРИЧЕСКОЙ ЭНЕРГИИ И МОЩНОСТИ»**

# **Жаңартылатын энергия көздері жобаларын іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттықты өткізу**



«КОРЭМ» АҚ атынан жаңартылатын энергия көздер жобаларын іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттық ұйымдастырушысы барлық қызығушылық танытатын тұлғаларды (өтінім берушілерді) ЖЭК жобаларын іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттыққа қатысуға шақырады

## Сауда жүйесіне тіркелу

[www.korem.kz](http://www.korem.kz) сайты

Өтінім беруші жеке кабинетінде келесі ақпараттарды көрсету қажет:

- ұйымның атауы;
- нақты және заңды мекенжайы;
- аты-жөні;
- электронды мекенжайы.

Қазақстандық Өтінім берушілер құжаттардың көшірмелерін ҚР заңнамасына сәйкес жүктейді:

- Жарғы;
- мемлекеттік тіркеу туралы анықтама;
- бірінші басшыны тағайындау туралы шешімі;
- өкілге сенімхат.

Шетелдік Өтінім берушілер жоғарыда белгіленген, мемлекеттік немесе орыс тіліне аударылған, нотариалды куәландырылған құжаттарды жүктейді.

## Аукциондық сауда-саттыққа рұқсат беру тәртібі

- ▶ Өтінім беруші сауда жүйесінде тіркеледі;
- ▶ Ұйымдастырушы 2 жұмыс күн ішінде құрылтай құжаттарын қарастырады және Шарт жобасы мен қызметтерге ақы төлеуге шотын электрондық мекенжайына және поштамен жібереді;
- ▶ Өтінім беруші алынған Шарттың жобасын қарап, Ұйымдастырушыға қол қойылған Шартты факспен немесе электрондық пошта арқылы 2 данада жібереді;
- ▶ Ұйымдастырушы құжаттардың қабылдауын, сондай-ақ Өтінімге өзгерістердің енгізуін аукциондық сауда-саттыққа 5 жұмыс күні басталғанға дейін тоқтатады;
- ▶ Шарт жасалғаннан және Қызметтер төленгеннен кейін, Ұйымдастырушы Өтінім берушіге Қатысушы мәртебесін береді;
- ▶ Қатысушыға сауда жүйесінде жұмыс жасау бойынша нұсқаманы өтуге болады;
- ▶ Қатысушы «ЖЭК ҚАО» ЖШС-не банктік кепілдігін ұсынады.

## Оқыту

- ✓ «Күндізгі» (сейсенбі – сағат 9:00 ден 11:00-ге дейін, жұма – сағат 13:00-ден бастап 15:00-ге дейін)
- ✓ Қашықтықтан
- ✓ Өздігінен

Оқытудың басталуы – 2018 жылдың  
1 тамызында

## Қаржылық қамтамасыз ету

Өтінім беруші «ЖЭК ҚЕО» ЖШС-не қаржылық қамтамасыз етуін ұсынады.

«ЖЭК ҚЕО» ЖШС аукциондық саудасаттықтың басталуына дейін 2 сағаттан кешіктірмей қаржылық қамтамасыз етуді ұсынады.

Көрсетілген ақпарат құпия болып табылады және үшінші тұлғаларға жария етуге жатпайды.

Ұйымдастырушы саудасаттық сессиясы ашылғанға дейін 30 минуттан кешіктірмей аукциондық саудасаттыққа қатысуға өтінімдердің қаржылық қамтамасыз ету көлемін енгізеді.

## Өтінімнің мазмұны

- ▶ Қатысушының атауы;
- ▶ Электр энергиясының бір киловатт-сағаты үшін ҚҚС-сыз Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы бөлу белгісінен кейінгі белгілеу цифрларының саны екеуден аспайтын бағасы;
- ▶ Белгіленген қуат көлемі кемінде 100 кВт, 1 (бір) киловатқа еселенген және МВт-та көрсетілген;
- ▶ Ең төмен рұқсат етілген белгіленген қуат көлемі кемінде 100 кВт, 1 (бір) киловатқа еселенген және МВт-та көрсетілген;
- ▶ ЖЭК пайдалану объектілерін салу жоспарланған жер учаскесі және электр желісіне қосу нүктесі (олар болмаған жағдайда);
- ▶ Қаржылық қамтамасыз етудің түрі мен сомасы.

Қатысушы сауда-саттық сессиясы кезінде өтінімді қаржылық қамтамасыздық өтінімі болған жағдайда ғана береді

# Өтінімдерді беру шарты

Жер учаскесіне және (немесе) электр желісіне қосылу нүктесіне ие емес қатысушылар, өтінімде Кестеге сәйкес деректерді көрсетеді

Өтінімдерде көрсетілген бағалар шекті аукциондық бағалардан аспауы тиіс

Бірдей бағамен өтінімдер қабылданбайды

Өтінімнің көлемі:

- белгіленген қуат көлемінен;
- электр желісіне қосу нүктелері бойынша қуаттың барынша рұқсат етілген көлемінен
- өтінімді қаржылық камтамасыз етудің мөлшерінен аспауға тиіс.

Өтінімде тек бағаны өзгертуге және бағаның тек төмендеу жағына өзгертуге болады

Өтінімде берілген деректердің сенімділігі үшін, жауапкершілік қатысушыға жүктеледі



## Сауда сессиясы



Аукциондық сауда-саттық жасырын, Интернет жүйесін пайдалана отырып ара қашықтықта, сауда жүйесінің Интернет-ресурсы арқылы жүргізіледі


Сауда сессиясы: сағат 14:00-ден 17:00-ге дейін Астана уақыты бойынша

Сауда-саттыққа қатысушылардың өтінімдерін қабылдауы сауда-саттық сессиясы ашылған сәтінен бастап жүзеге асырылады. Қатысушылардың аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімдерінен Ұйымдастырушы онда көрсетілген бағалардың өсу ретімен қалыптастырылған сараланған кестені жасайды

Ұйымдастырушы келесі шарттарды орындаған кезде бағаны есептейді:


- 1) сатуға берілген аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімдердің белгіленген жалпы көлемі сұраныс көлемінен 130% кем емес болғанда;
- 2) сатуға аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімдер берген қатысушылардың саны кемінде екеу болғанда.

## Бағаны есептеудің 1-ші мысалы




## Бағаны есептеудің 2-ші мысалы

Бағасы,  
тг/кВт\*сағ



## Бағаны есептеудің 3 мысалы

Бағасы,  
тг/кВт\*сағ



## Жеңімпаздарды анықтау

Ұйымдастырушы өткізілген аукциондық сауда-саттық қорытындысы бойынша сауда сессиясы жабылғаннан кейін 1 сағат ішінде Қатысушыларға өткізілген аукциондық сауда-саттық қорытындысы туралы электронды хабарлама жібереді және аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарының тізілімін ресми сайтында жариялайды

Ұйымдастырушы сауда сессиясы жабылғаннан кейін 1 жұмыс күнінен кешіктірмей өткізілген аукциондық сауда-саттықтың өткізу тәртібі ашып көрсетілген және сауда жүйесіне берілген барлық өтінімдер тұратын толық ақпаратты көрсете отырып, аукциондық сауда-саттық қорытындысын және Аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарының тізілімін қалыптастырады және ҚР ЭМ-ға жібереді.

ҚР ЭМ Ұйымдастырушыдан Аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарының тізілімін алған сәттен бастап 5 жұмыс күні ішінде аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарын ЖЭК пайдалану объектілерін орналастыру жоспарына және ЖЭК пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар тізбесіне енгізеді.

Аукциондық сауда-саттықтың жеңімпаздары ЖЭК пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар тізбесіне енгізілген күннен кейін күнтізбелік 60 (алпыс) күн ішінде қаржы-есеп айырысу орталығымен сату шартын жасасу үшін өтінім береді.

## Бақылаушылар

- сауда-саттық сессиясы барысында саны 8 адамға дейін қатыса алады;
- конверттің тұтастығын, қаржылық қамтамасыз етуі бар өтінім берушілердің тізімін тексере алады;
- сауда Ұйымдастырушысының әрекеттерін бақылай алады;
- сауда сессиясын өткізу үрдісін және аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарын анықтау тәртібін бақылай алады;
- өткізілген аукциондық сауда-саттық қорытындылары бойынша жеңімпаздар тізіліміне енгізілмеген қатысушылар туралы ақпарат құпия болып табылады және үшінші тұлғаларға жариялануға жатпайды.

Назарларыңызға рахмет!